

ЖЕМ - САҒЫЗ

№20 (7880) 21 мамыр, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Есепті кездесу

ТҰРАҚТЫ ДАМУ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН НАҚТЫ ІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында Байғанин ауданының әкімі Айбек Көпенов Қарауылкелді ауылында тұрғындармен есепті кездесу өткізіп, өткен жарты жылдықты қорытындылады. Ашық форматта өткен жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымдық жобалар, тұрғын үй құрылысы, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау және жұмыспен қамту бағыттарындағы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар жан-жақты баяндалды. Тұрғындар тарапынан көтерілген барлық мәселелер хаттамаға енгізіліп, бақылауға алынатыны айтылды. Кездесуге ауыл тұрғындары, ардагерлер, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері және барлық салалық мекеме басшылары қатысты.

Бұған дейін аудан әкімі Айбек Көпенов ауданға қарасты барлық округтерді аралап, шалғай ауылдарға мойын бұрып, халықпен кездесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдап, түрлі мәселелерді қамтыған болатын.

Ауданда тоғыз ауылдық округ пен 24 елді мекен бар. Бес немесе тоғыз түтіннен құралған елдімекендердің де бар екенін айтқан аудан басшысы оларға газдандыру жобалары жоспарланып қойғандықтан жабылмайтындығын айтып өтті. Болашақтың еншісіне қалдырған жоспарда бірнеше елдімекенге инфрақұрылым тартып, халықпен қамту жоспарланған.

Газ және ауыз су – өзекті мәселе

Аудан басшысының айтуынша, инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. Өткен жылы аудан бойынша 10 елдімекен газдандырылып, Ойыл ауданынан тартылған магистральды газ құбырын көшіру жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілген. Жобаның құны 401,9 млн теңгені құраған. «Болашақ» тұрғын массивінде газ және электр желілері іске қосылып, Қорашы, Оймауыт және Қаражар ауылдары толықтай табиғи газға қосылды.

Қоғасайдан Оймауытқа дейін республикалық және облыстық бюджеттен 8 млрд 300 млн теңге бөлініп, газ тартылды. Енді газдандырылмаған 11 ауылға, оның ішінде Қаражар елдімекенінен Айрық-Көктоғай-Ебейті бағытында, Алтай батыр-Шұқырши-Баршақұм бағытында газ тартылатын болады. Қазіргі таңда республикалық бюджетке өтінім беріліп, құжаттандыру үшін негіздемелік жұмыстар жүргізіліп жатыр. Одан бөлек, Көкбұлақ, Қосарал ауылдарына газ жүргізу үшін былтырғы жылы жасалған ЖСҚ аяқталып, жоба Көкбұлаққа 290 млн теңге, Қосаралға 288 млн теңге бағаланып, облыстық энергетика басқармасына ұсынылды және 2026-2027 жылдары аяқталу жоспарланып отыр, - деді аудан басшысы өз есебінде.

Айта кету керек, ауданды газдандыру жұмысы 2026-2028 жылдарды қамтиды. Сондай-ақ, аудан тұрғындарының 99,8%-ы орталықтандырылған ауыз сумен қамтыла, тоғыз ауылдық округтегі 24 елді мекеннің 18-і орталық су желісіне қосылған, екі ауылда КБМ (кешенді блок модуль) орнатылған. Атап айтсақ, 2025 жылы Баршақұм ауылы толықтай ауыз сумен қамтылған болса, 2026 жылғы жоспар бойынша Дияр ауылын су желісіне қосу көзделіп отыр.

Мақсат – өмір сүру сапасын арттыру. Сөзінде соңғы жылдары халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталып жатқан жұмыстардың жүргізіліп жатқанын айтқан аудан басшысы, ауқымды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынына назар аударды. Соның бірі – аудан орталығы Қарауылкелді ауылында салынып жатқан 400 орындық



мәдениет үйі мен 100 орындық кітапхана. Жалпы ауданы 3 551 шаршы метр болатын бұл нысанға облыстық бюджеттен 1 млрд 510,6 млн теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстарын «АймарСтрой-Сервис» ЖШС-і жүргізуде. Өткен жылы басталған нысанның бүгінгі күні ішкі сылақ жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар екі автокөлікке арналған жаңа өрт сөндіру депосы пайдалануға берілді. Құны 847,3 млн теңге болатын бұл нысан ауданның қауіпсіздік инфрақұрылымын нығайтуға үлес қоспақ. Толықтай талаптарға сай келетін бұл құрылыс нысанын ақпан айында төтенше жағдай министрі ашып, екі автокөлік сыйға тартылған болатын. Ал алдағы уақытта қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында барлық ауылдарда өрт сөндіру гараждары мен бекеттерін ашу жоспарланып отыр.

Биыл 50 пәтер бой көтермек

Айбек Мұратқалиұлының сөзінше, тұрғын үй мәселесі де кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Қазіргі «Отбасы банкі» арқылы реттелетін тұрғын үй кезегінде 365 адам, оның ішінде 22 жетім балалар, 132 көп балалылар, 132 әлеуметтік әлсіз топтар және 55 бюджеттік қызметкерлер тұрса, апаттық деп 24 үй танылған. 2024 жылы аудан тұрғындарының игілігіне 49 пәтер берілсе, 2025 жылы 43 пәтер салынған. Биылғы жылғы жоспар бойынша 50 пәтер бой көтермек.

Болашақта осы бағытта салынған үйлер есебінен, бұл аймақ жеке массивке айналмақ. Дәл қазір осы аймақ ескі Атырау тас жолының бойында орналасып, «ҚазАвтоЖолдың» балансында тұр. Сол себепті жарық тарту мәселесі де кейіндеп тұрғанын жасыруға болмайды. Жалпы алдағы уақытта аудан меншігіне өткен соң көшеге ат беріп, жарықтандыру

жұмыстары жүргізілетін болады, - деді аудан басшысы.

Сондай-ақ ол тозығы жеткен бағаларды ауыстыру жұмыстарына да тоқталды. Айтуынша, «Болашақ» тұрғын массиві бойынша 518 бағана, Теміржол көшесінде 42, Жағалау көшесінде 29, Барақ батыр көшесінде 25 бағана және өзге көшелерде 85 жаңа тіректер орнатылуда және бұл жұмыстарды мердігер «Еркен и К» ЖШС-і қолға алған.

32 мың га-дан астам жер мемлекетке қайтарылған

Ауданның барлық жер көлемі 6 103 969 га құрайды. 411 933 га жер 24 елді мекенге бекітілген. Оның ішінде 50 784 га өнеркәсіп жерлері, 30 000 га орман қоры, ал 4 074 495 га бос жатқан жерлер қоры. 484 ауыл шаруашылығы құрылымдарына 1 604 502 га жер бекітілген. 2025 жылы аудан бойынша пайдаланылмай жатқан 32 758,08 га жер мемлекетке қайтарылған. 2026 жылға тағы 11 000 га жерді қайтару жоспарлануда.

Жол жағдайын жүрген білер...

Есепті кездесуде маңызына мән артылған жол мәселесі – тұрғындар үшін ең өзекті бағыттардың бірі. Аудан бойынша автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 398,7 шақырымды құрайды. Бұл жолдың 231 шақырымы, яғни 57,9 % қанағаттанарлық деңгейде болса, 167,8 шақырым, яғни 42,0 % қанағаттанарлықсыз деңгейде. Қазіргі таңда облыстық бюджеттен бөлінген 2 924 млн теңгеге «Мерей и К» ЖШС-і жалпы ұзындығы 78 км болатын 6 учаскеде орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Нақтырақ тоқталсақ, Қарауылкелді–Жарқамыс жолының 35-50 шақырымның 15 шақырымы пайдалануға берілген, жоба құны 952,0 млн теңге болатын Қарауылкелді–Жарқамыс жолының 66-78 шақырымының тас төсеу жұмыстары аяқталған. Қарауылкелді–Алтай батыр–Миялы–Оймауыт бағыттары бойынша екі учаске бойынша жоба құны 890,0 млн теңге және 679,7 млн теңге болатын 43–157 км және 157–171,3 км-ге қиыршық тас төселіп, көпірлер қалпына келтірілді және пайдалануға берілген. Ал Керейші ауылына кіреберіс 0–14 км және 14–28 км аралықтарында су өткізгіш құбырлар мен қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілген. Қарауылкелді–Алтай батыр–Миялы–Оймауыт бағытындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолының 34 км орналасқан көпірдің құрылысын «Lider Invest Group» ЖШС-і жүргізген. Жұмысы төрт айға созылған құрылысқа облыстық бюджеттен 342 657,0 мың теңге бөлінген.



Мал басында өсім бар

Ауданда 414 шаруа қожалығы, 5 ЖШС-і және 19 өндірістік кооператив жұмыс істейді. Мал басының саны тұрақты өсім көрсетуде, яғни ірі қара – 57,8 мың бас, қой-ешкі – 163,7 мың бас, жылқы – 46,4 мың бас, түйе – 4,1 мың басты құрайды. Ауыл шаруашылығына 452,2 млн теңге инвестиция тартылып, өндірілген өнім көлемі 20,3 млрд теңгеге жетіп, 101,5% құрап отыр.

2023–2025 жылдар аралығында жалпы құны 1,1 млрд теңгеден асатын үш транш аясында шағын кәсіп, мал және құс шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы сияқты ондаған жоба қаржыландырылған. Ал 2026 жылға бағдарлама аясында 4 млрд теңге қаражат бөлініп, соның нәтижесінде қазірдің өзінде аудан бойынша 131,5 млн теңгеге 11 жоба тапсырылды. Оның ішінде құс, мал, өсімдік шаруашылығы, көлік жөндеу, наубайхана, ет өңдеу, қоғамдық тамақтану және фаст-фуд бар. Былтыр аудан әкімінің орынбасары Руслан Обев ауылдың бірнеше кәсіпкерлерімен оңтүстік аймаққа іссапарға барып, тәжірибе алмасу нәтижесінде «АҚРАЙ-ЫС» АӨК-не ет өңдеу бойынша 87 млн теңге, «Ерлан» ШҚ-на мал бордақылауға 80 млн теңге, «Мұңал» ШҚ-на 42 млн теңге бөлініп, кәсіпкерлік алаңдары өз жұмысын бастаған.

Мектеп пен аурухана – әлеуметтік тұрақтылық кепілі

Бүгінде ауданда ресми есеп бойынша 22 691 тұрғын болса, оның ішінде экономикалық белсенді халық 11 880 адамды құрайды. Аудан басшысының есебі бойынша бүгінгі таңға аудан бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,1% болып тұр. Оның ішінде жұмыссыз болып 468 адам тіркелген. 2026 жылдың 13 сәуіріне дейінгі мәлімет бойынша, 754 адам жұмыспен қамтылып, жоспарланған 1652 орынның 46%-ы орындалды. Оның ішінде 437 адам нәтижелі жұмысқа орналаса, 146 адам өзін-өзі қамтушы ретінде тіркелген.

Ал «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 16–35 жас аралығындағы 180 жас еңбек жасақтарына тартылып, маусымдық жұмыспен қамтылған.

Ауданда 20 орта мектеп және екі негізгі мектеп бар, онда 4809 оқушы оқиды. Мектепке дейінгі 12 мемлекеттік, 7 жеке-меншік, барлығы 19 ұйымда 1186 тәрбиеленуші қамтылған. Сонымен қатар 12 мектепке жоғары жылдамдықты Starlink интернеті (150–200 мбит/с) орнатылған.

Оймауыт ауылындағы 150 орындық мектеп-балабақша құрылысына бүгінгі таңда жобалық-сметалық құжат әзірленіп, сараптамадан өтті, 2026 жылға 500,0 млн теңге қаражат бөлінді. Қарауылкелді ауылында 150 орындық №2 мектептің құрылысы жоспарланып, 2027 жылға пайдалануға берілімек. Сондай-ақ Қарауылкелді орта мектебіне 427,8 млн теңгеге және Жарқамыс орта мектебіне 156,0 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарлануда, - деген аудан әкімі мектептерді бала санымен толтыру жұмыстарымен жүргізіліп жатқандығын баса айтып, ауыл-

дық жерге көшіп келуге ниетті отбасыларға жұмысқа орналастырып, баспанамен қамтуға дайын екендігін де жеткізді.

Медицина саласы бойынша тоқталған Айбек Көпенов Ноғайты ауылындағы 221,4 млн теңге бөлінген фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысының, 35,1 млн теңге қарастырылған Дияр медициналық пункті мен 111,6 млн теңгеге Оймауыт дәрігерлік амбулаториясының жөндеу жұмыстарының аяқталғанын жеткізді. Ауруханалар заманауи медициналық құралдармен: дефибриллятор, рентгенометр, аудио-смарт мониторы, фетальды КТГ мониторымен жабдықталған.

Тазалық – өзімізден басталады

Жалпыхалықтық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ауданда өтіп жатқан екі айлық сенбілік нәтижесіне тоқталған Айбек Мұратқалиұлы тұрғындардың ауыл тазалығына атсалысудағы еңарлығына наразылығын білдірді. Жеке тұрғындар мен кәсіпкерлер өз үйінің, жеке нысандарының айналасын жинай алмаса, айыппұл салып, тиісті шарасын алуға мәжбүр болатындығын да сөз өтті.

Сондай-ақ биыл ауданды абаттандыру мақсатында жоспар бойынша 8500 тал егілу керек, бұл жоспар әр округке бөлініп берілген. Ал орман шаруашылығы көшеттермен қамтасыз етуді мойнына алған.

Жиын соңында тұрғындар тарапынан өткір де орынды сұрақтар қойылды. Төрт түлік малдың еті мен сүтін адал асы, тіршілігінің көзі санаған ауыл халқы үшін бүгінде қорасына бір сиыр ұстаудың өзі мұңға айналған. Осы бір жанды жерді қозғаған жинаға қатысушылар бақташы мәселесін тағы бір мәрте ортаға салып, мәселенің әлі де шешімін таппай тұрғанын жеткізді. Күнделікті күйбең тіршіліктен аса алмай, мал бағудың машақатына тірелген жұрт биліктен нақты іс-қимыл күтетінін жасырмады.

Одан бөлек, жиында ауыл ішіндегі жылдар мен сайларға үйлерінен шыққан қоқысты есепсіз әкеліп, тапа-тал түсте қосылмай-қымтырылмай тегіп кететін «мәдениетсіз» тұрғындардың мәселесі қатты сынға алынды. Жиналған жұрт мұндай берекетсіздікке заң жүзінде қандай жаза бар екенін сұрап, тиісті органдардың назарын аударды. Оз есігінің алдын тазалап, ауылдың орта аумағын қоқыс полигонына айналдырғандардың бұл қылығы ешқандай қалыпқа сыймайтынын айтқан тұрғындар: «Ауыл көркі мен тазалығы үшін әр сенбі сайын аянбай жұмыс істеп жатқан өзге халықтың, еріктілер мен тазалық жұмысшыларының еңбегіне құрметпен қарай алмай жатқанымыз- жаңға батады. Кінені сырттан емес, өзімізден іздеуіміз керек екенін ұғыну бүгінде өте қиын болып жатқаны ашы да болса шындық», - десті.

Туған жердің тазалығы – әрбір азаматтың ар-ожданы. Өз ауылымызды өзіміз ластап отырсақ, сырттан келген қонақтан не сұраймыз? Көзжұмбақтық пен немқұрайлық белең алған жерде береке болмайтынын түсінетін уақыт жетті, - деген аудан әкімі бұл мәселелердің кезегімен шешілетінін айтты.

Ә.КАРИМАН



Ауыл-аймақ

АУЫЛ ТЫНЫСЫ: ЖҰМЫС ПЕН ЖОСПАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру және әкімдердің тұрғындармен тікелей диалогын орнату мақсатында Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі Азамат Ералиев Кенжалы, Көкбұлақ және Қосарал елді мекендерінің жұртшылығымен жүздесті. Бұл есепті кездесуге аудан әкімі Айбек Көпенов пен бірқатар бөлім басшылары да қатысты.



Жұртшылық алдында есеп берген ауылдық округ әкімі өңірдің қаржылық әлеуеті мен алдағы жоспарларын нақты сандармен айшықтады. Мәселен, ағымдағы жылға арналған жылдық бюджет көлемі 359 082,7 мың теңгені құрап отыр, оның ішінде ауданнан бөлінген қосымша трансферттер 20 390,0 мың теңгеге жетсе, салықтық түсімдер жоспары 190 728,0 мың теңге болып бекітілген. Бүгінгі таңда салықтардың орындалу көрсеткіші 36,52%-ды құрап, жеке табыс салығынан 45 442,4 мың теңге, ал жеке тұлғалардың көлік салығынан 21 650,0 мың теңге қазынаға құйылды.

Ал округтің жалпы жер көлемі 267 122 гектарды құраса, оның ішінде 78 700 гектары тікелей елді мекендердің үлесінде. Тұрғындар көтерген жайылым мәселесінің өзектілігі де осы жерде байқалады, себебі өңірде мал басының серпінді өсімі тіркелген. Бүгінде 912 кәсіпкер мен 60 шаруа қожалығы бар округтегі бір қара саны 10 528-ге, қой-ешкі 51 483-ке, ал жылқы саны 7 834-ке жетіп, жайылымдық жерлерге түсетін салмақты еселей түскен.

Есепті баяндамаға сүйенсек, тұрғындардың сұранысына ие көше жарығы мен электр инфрақұрылымын жақсарту бағытында да ауқымды тірліктер басталған. Көше жарығына қажетті жабдықтар сатып алуға 3131,0 мың теңге бөлініп, өткен жылы 130 дана, биыл 110 дана жаңа ЛЭД шамдары орнатылған. Округтегі 24 дана трансформаторлы подстанция мен 84 мың метрден астам электр желілерін күтіп ұстауға «Энергосистема» ЖШС-мен 8 000,0 мың теңгеге келісімшарт жасалса, көше жарығының электр ақысы үшін жылына 57 760,0 мың теңге қарастырылған. Сонымен қатар ауылдағы ең үлкен мәселенің бірі – тозығы жеткен бағандарды ауыстыру ісі де қолға алыныпты. Мердігер мекеме Болашақ көшесіндегі 518 бағанды, Теміржол көшесіндегі 42 бағанды және өзге де көшелерді қосқанда барлығы 699 жарамсыз электр бағанын жаңарту жұмыстарын бастап кетті. Әлеуметтік салада да оң нәтижелер бар: тұрғындарды тұрақты және ақылы қоғамдық жұмыспен қамту шаралары ширатылып, «Бастау бизнес» жобасымен ондаған азамат кәсіпкерлік негіздерін оқып шыққан.

Ауыл ішіндегі тәртіп пен санитарлық тазалық та басты на-

зарда екеніне сендірді округ басшысы. Айтуынша, жыл басынан бері кәсіпкерлік нысандарына абаттандыру ережелерін сақтау бойынша 61 ескерту таратылып, учаскелік полиция инспекторларымен ереже бұзғандарға 177 ескерту мен 2 айыппұл салынған. Ал көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында ауылшілшік автожолдар бойындағы барлығы 63 су өткізгіш құбыр тазартылып, бекітілген. Ауылдың ажарын кіргізетін мәдени-демалыс орындары мен көгалдандыру жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Биыл округке қарасты елді мекендерге 770 дана терек пен үйеңкі көшеттері отырғызылған. Ауылдағы «Батырлар саябағы» мен «Ақын-жазушылар саябағын» күтіп ұстауға «SAGA STROY» ЖК-мен келісімшарттар бекітілсе, Д.Қонаев көшесіндегі №3 саябақты күрделі жөндеуден өткізу үшін «Проект Сервис-Т» ЖШС тарапынан 2674,9 мың теңгеге жобалау жұмыстары атқарылған.

«Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында «Техмонтаж-Астана» ЖШС-і жолдарды күтіп ұстау, шұңқырларды тегістеу жұмыстарын жүргізсе, өзге мердігерлер тарапынан тозығы жеткен 90 дана жол белгісі жаңартылып, мектептер мен адам көп шоғырланатын аймақтарға 18 дана жасанды жол кедергісі орнатылды. Тіпті, Ақтөбе-Атырау тас жолы бойына малдың қатысуымен болатын жол апаттарының алдын алу үшін сиыр мен жылқының металл макеттері қойылып, түнгі уақытта алыстан мнемундалайтын арнайы стробоскоптар мен Барақ батыр көшесіне заманауи ақпараттық экран орнатылды», - деген округ әкімі Азамат Ералиев кездесу соңында халықтың сұранысын толық қанағаттандыру мақсатында биылғы жылдың соңына дейін 699 дана электр бағанын толық жаңартуды, ескірген жол белгілері мен көше шамдарын ЛЭД баламасына ауыстыруды, №3 саябақтың құжаттарын әзірлеп, ең бастысы – ауыл тұрғындары көптен күткен жаңа ветеринарлық пункттің құрылысын салуды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Бұл жиында ауыл тұрғындары соңғы жылдары өңірде атқарылған оң өзгерістерге ризашылығын білдіре отырып, күнделікті тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар түйткілді мәселелерді де ортаға салды. Тұрғындар тарапынан негізін таза ауыз су, көшелерді жарықтандыру, көгілдір отын жеткізу, ішкі жолдарды жөндеу мен тегістеу, медициналық пункттердің сапасын арттыру және ауыл іргесіндегі мал жайылымы жерлерінің жетіспеушілігі сынды өзекті сауалдар көтерілді. Халықтың мұң-мұқтажын мұқият тыңдаған аудан басшысы Айбек Көпенов аталған мәселелерді бақылауға алып, жергілікті деңгейде жедел шешілуі тиіс міндеттер бойынша тиісті сала жетекшілері мен округ әкімі Азамат Ералиевке нақты тапсырмалар жүктеді.

Ө.ӘНУАРБЕК

Бәкір Тәжібаев – 100 жыл

«ӨЛЕҢ-ҒҰМЫР» - ҰЛТ РУХАНИЯТЫН ҰЛЫҚТАҒАН КЕШ

Ұлттық мәдениет пен өнердің алтын бесігі өңірлерде тербетіліп, рухы биік тұлғалардың есімі ел жадында қайта жаңғыруда. Осының жарқын дәлелі ретінде, аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен қазақ өнерінде өшпес із қалдырған бірегей тұлға – ақын, сазгер, драматург Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойлық іс-шаралардың ресми ашылу салтанаты өтті. Мерейтойға арналған «Өлең-Ғұмыр» спектакль-концерті сахналанды. Ақынның дәл туған күні - 15 мамыр күні өткен премьерға – ауыл жұртшылығына ерекше рухани әсер сыйлап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, сұранысымен қайта сахналанды.

Премьерға еңбек ардагері Оразбек Далмағанбетов, ақынның туысы, кәсіпкер Есенкелді Қомпаев, ақынның жиені Бибігүл Маханова, «Ақбұлақ - Жарқамыс» қоғамдық қорының төрағасы, еңбек ардагері Сәндібай Дербісов, ақын Орал Байсеңгір арнайы келді.

Салтанатты шараның ашылуында сөз алған аудан әкімі Айбек Көпенов жиналған жұртшылықты ақынның 100 жылдық мерейтойымен құттықтады.

- Бәкірді айтқанда «Ақбұлақ» еске түседі, екеуі егіз ұғым. Себебі «Ақбұлақты» білмейтін, оны жырламайтын қазақ жоқ. Туған жеріне, еліне деген сағынышты өз жырларында керемет жеткізген ақынның алдындағы борышымыз деп санайтын үлкен іс – «Ақбұлақты» қалпына келтіру, сол үшін «Ақбұлақ-Жарқамыс» қорын құрдық. Оған өз үлесін қосып жатқан азаматтарға үлкен алғысымды айтамын, - деді.

Премьерға қатысып, ақынға арналған кештің куәсі болған Есенкелді Қомпаев пен Бибігүл Маханова сахналанған көрініске, жоғары деңгейде ұйымдастырылған іс-шараға ризашылықтарын білдірді.

Бұл ауқымды жоба - бір күнде немесе бір айда туа салған дүние емес, ұзақ уақыт бойы қажы-



бен мақсатымыз биыл ақынның туған күні қарсаңында өз деңгейінде жүзеге асты. Тіпті, нәтижесі біз ойлағаннан да жоғары, әсерлі болды десем, артық айтқаным емес, - дейді ол.

Қойылымның негізгі мақсаты - Бәкір Тәжібаевтың артында қалған мол әдеби және музыкалық мұрасын кейінгі жас

рған көрерменнің жүрегінен ерекше орын алды.

Қойылымның сценарий авторы әрі режиссері, мәдени ұйымдастырушы Ақбаян Дүйсенқұл. Ұжым жетекшісі Жадыра Жаңбырбайқызы оның шығармашылық ізденісіне жоғары баға беріп, «Ақбаянды қиялшыл, креативті, үнемі ізденіс үстінде



рлы еңбек пен шығармашылық ізденістің нәтижесі. Аудандық мәдениет үйінің директоры Жадыра Ермеқбайдың айтуынша, кештің дайындық жұмыстары ерте басталған.

- Бір жыл бұрын келер жылғы мерейтойлық даталарға байланысты қандай ауқымды шаралар ұйымдастырамыз деген мәселе көтеріліп, нақты тапсырмалар берілген болатын. Сол кезде-ақ біздің ұжым Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдығына арнап жай ғана есептік концерт емес, жаңа форматтағы «Өлең-Ғұмыр» спектакль-концертін сахналауды жоспарлаған едік. Сәтін салып, сол кездегі тәтті арманымыз

буынға кеңінен насихаттау, ақын шығармашылығының тереңдігін жастардың жүрегіне шынайы жеткізу болды. Спектакль-концертінің басты ерекшелігі - оның өзіндік драматургиялық желісінде. Мұнда құрғақ баяндама мен кезекпен айтылатын өндер емес, ақынның ішкі дүниесі мен шығармашылық концепциясы өзара астасып жатты.

Сахна төрінде кейіпкерлерді сомдаған жас таланттар көрерменді бей-жай қалдырмады. Ақын бейнесін Нұрдәуір Нұрланұлы ерекше патетикамен және тереңдікпен сомдап шықты. Ал өлең рөлін Әсел Аманкелді өзінің нәзік те сырлы болмы-

жүретін нағыз маман деп толық айта аламын. Ол жай ғана кезектесіп айтылатын концерт емес, тұтас драматургиялық желісі бар, сюжетті спектакль жасауды ұсынды. Нәтижесінде қойылымда сөз де, поэзия да, ән мен би де өзара табиғи үндестік тапты. Сондай-ақ, әр сахнаның бір-бірімен қиюласып, байланысып жатуына ақын, әдіскер Айнабек Жеткербаев арнайы осы кешке арнап жазған отты өлеңдері үлкен рух пен әсер берді», - деді.

Шараның сәтті шығуына оның музыкалық деңгейі де тікелей ықпал етті. Кештің музыкалық сүйемелдеуіне жетекшілік жасаған Асқар Ануарұлы көрер-

менге ерекше атмосфера сыйлай білді.

- Қазіргі заманауи тілмен айтқанда, бүкіл "бәндің" музыкалық сапасын, аспаптардың үндестігін Асқар Ануарұлы жоғары деңгейге көтерді. Әр өннің өзіндік дыбысталуы, сахналар арасындағы музыкалық өтпелер, жанды сүйемелдеу - барлығы өте кәсіби деңгейде орындалды. Музыканың өзі қойылымның жанын ашып, көрерменді сиқырлы әуен әлеміне жетелеп отырды, - дейді мәдениет үйінің директоры.

Сондай-ақ кеште өнер көрсеткен аудан мақтаныштары - Елдос Қожабаев пен Ақбота Тәжімағанбетованың орындаушылық шеберлігіне халық ерекше тәнті болды. Елдос Қожабаевтың табиғи болмысы, шынайы эмоциялары мен монологтарды орындау шеберлігі залда оты-

рған көрерменнің жүрегінен ерекше орын алды. Қойылымның сценарий авторы әрі режиссері, мәдени ұйымдастырушы Ақбаян Дүйсенқұл. Ұжым жетекшісі Жадыра Жаңбырбайқызы оның шығармашылық ізденісіне жоғары баға беріп, «Ақбаянды қиялшыл, креативті, үнемі ізденіс үстінде

рған көрерменнің жүрегінен ерекше орын алды.

Қойылымның сценарий авторы әрі режиссері, мәдени ұйымдастырушы Ақбаян Дүйсенқұл. Ұжым жетекшісі Жадыра Жаңбырбайқызы оның шығармашылық ізденісіне жоғары баға беріп, «Ақбаянды қиялшыл, креативті, үнемі ізденіс үстінде

Сондай-ақ, сахнадағы жарқылдың артында көрінбейтін үлкен техникалық топтың еңбегі тұрғаны сөзсіз. Жарықтың дұрыс әрі уақытылы берілуі, дыбыстың таза әрі сапалы шығуы, LED экрандағы бейнебаяндардың уақытында қосылып-сөнуі - мұның бәрі мұқият дайындықтың нәтижесі.

- Әр маман өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Сондықтан мен адамдарды бөліп-жармаймын. Бұл - барлығымыздың ортақ еңбегіміз, ортақ жеңісіміз, - деді Жадыра Жаңбырбайқызы.

Мәдениет үйінің директоры бұл кеш тек бастамасы ғана екенін, алдағы уақытта да ұлттық руханиятты дәрiптiетiн жобалар мiндеттi түрде қызметкерлерiмнiң тың бастамаларына әрдайым қолдау көрсетуге дайынмын. Өйткенi мәдениет - тек сахна емес, ол ұлттың жаны, рухы мен болмысы, - дедi басшы.

Әйгерім ЖАРТИНА

МЫҢБАЙ ЖАУЛИН ӘКЕМІЗДІҢ БІР ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕ АЛУ ТАРИХИ ШАРАСЫ!

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Ақтөбе облысы, Байғанин ауданындағы Ноғайты селосында әкеміз, Ұлы Отан соғысының ардагері, сауда саласының үздігі, қоғам қайраткері болған Мыңбай Жаулинның 100 жылдығына арналған тағылымы мол терең, рухани маңызы зор еске алу шарасы Байғанин ауданы әкімшілігінің қолдауымен жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл - бір әулеттің ғана емес, ел үшін от кешкен ардагерлерге, аға буынға көрсетілген зор құрметтің белгісі болды.

Мерейтой аясындағы алғашқы басқосу 6 мамыр сағат 11:00 Қарауылкелді ауылындағы аудандық музейде өтті. Соғыс ардагерлерін еске алуға арналған кеш барысында әкеміздің өмір жолы, елге сіңірген еңбегі, соғыстағы ерлігі мен азаматтық болмысы кеңінен айтылды. Музей директоры Ләззат Жаулина Мыңбай әкемінің өмір тарихын таныстырып, оның ел ішіндегі орны мен кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегесі туралы мазмұнды ойларымен бөлісті.

Кездесу барысында мен, Мыңбай әкемінің перзенті ретінде, әкеміздің соғыс жылдарындағы қиын тағдыры, майдандағы снайперлік ерлігі, елге оралғаннан кейінгі еңбек жолы жайлы естеліктер айтып, өз ойымды ортаға салдым. Әкеміз Ұлы Отан соғысына қатысып, ел қорғау жолында ауыр жарақат алып, II топтағы соғыс мүгедегі болып оралған азамат еді. Соған қарамастан өмірге деген жігерін жоғалтпай, ел ішінде еңбек етіп,

ұрпағына адалдық пен отансүйгіштіктің үлгісін көрсетті.

Жастарға арнап айтылған әңгімелер барысында патриоттық рух, елге қызмет ету, тарихты құрметтеу мәселелері кеңінен қозғалды. Осындай сәтте Бауыржан Момышұлының: «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген қанатты сөзі еріксіз еске түседі. Себебі майдангерлердің өмір жолы – бүгінгі ұрпақ үшін шынайы ерлік мектебі.

Кездесу аясында мен музей директоры Ләззат Жаулинаға Мыңбай әкеміздің өміріне қатысты толық құжаттарын, майданнан алған медальдары мен марапаттарын арнайы табыстадым. Сонымен қатар әкеміздің өмір жолына арналған жеке кітап та музей қорына берілді. Бұл – келешек ұрпақ тарихи тұлғалардың өмірімен танысып, тағылым алу үшін жасалған маңызды қадам деп білемін.

7 мамыр күні сағат 10:00-де Ноғайты ауылды мекенінде Мыңбай Жаулинның

құрметіне арналған облыстық волейбол турнирінің салтанаты ашылуы өтті. Ашылу рәсіміне аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Мұрат Дабысов, және ауыл әкімі Нұржан Әбдіров қатысып, жарысқа келген спортшыларға сәттілік тіледі. Турнир барысында ел бірлігі, жастар тәрбиесі мен салауатты өмір салты кеңінен насихатталды.

8 мамыр күні турнир өз мәресіне жетіп, жабылу салтанатына аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Курманғали Әлжан, аудандық спорт мектебінің директоры Әденов Нурлыбек, ел азаматтары мен зәулет ұрпақтары қатысты. Жеңімпаз командалар арнайы марапатталып, грамоталар мен ақшайыл сыйлықтар табысталды. Турнирдің жабылуында Мыңбай атаның ұрпақтары жүлдегер спортшыларға арнайы сый-сияпат көрсетті.

Сонымен қатар, Ақтөбе қаласынан арнайы келген «Ақтөбе Медиа» компаниясының деректоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымының төрағасы Раукен Отыншин де бұл шараға қатысып, Мыңбай атаның ғибратты өмірі мен елге сіңірген еңбегі туралы әсерлі ойларын жеткізді. Ол мұндай тұлғалардың өмір жолын насихаттау – ұлттық рухты көтерудің, тарихи сананы жаңғыртудың маңызды бөлі-



гі екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, әулеттен шыққан саяси ғылымдарының докторы, профессор, ұлт қайраткері Киікбай Мыңбайұлы Жаулиннің қоғамдағы және саяси бағыттағы көзқарасымен Үлкенге деген құрметі және ғылым мен қоғам жолындағы еңбегіне жоғары баға беріп, арнайы дипломмен және Жаулин Мыңбай әкеміздің атындағы сыйлық табысталды. Бұл – мен үшін ғана емес, тұтас әулетіміз үшін үлкен мәртебе әрі халықтың ықыласы деп қабылдадым.

Жалпы, өткен іс-шаралар өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ел жа-

дында қалатын тағылымды кездесуге айналды. Әкеміздің ғасырлық ғұмырын ұлықтау арқылы біз өткенге тағзым жасап қана қоймай, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын өмір жолын дәріптей алдық деп ойлаймын. Сондықтан аудан әкімшілігіне, мекеме басшыларымен Ноғайты селолық әкіміне және Сағыз орта мектебінің басшылығымен ел азаматтарына үлкен алғысымызды білдіреміз!

Ұлы Жеңіс рухы – ұлт рухы. Сол рухты өшірмей, кейінгі буынға жеткізу – баршамыздың қасиетті борышымыз.

Ахмет Жұбанов - 120 жыл

Есімі де, еңбегі де ел есінде

Аппа тағала, жаратқан, жарыпқаған Аппа тағаланың Қазаққа сыұы – Ахмет Қуанцлы Жұбановтың ұлы істерсі атқаруға 1937 жылы репрессия кезінде аман қағзаны! Сонан Ахмет Жұбанов қазақ кәсібу өнерсің негізін қапақы! Дамытты! Өркендетті! Халқы оның естімеген еңбегін қе сақтауға. Ұлы перзентін арқақтауға! 2026 жылы туғанынына (29.04.1906 – 30.05.1968 ж.ж.) 120 жыл топақы.



Қазақ ұғымында «тегі» деген қасиетті, мазмұнды ұғым бар. Жұбановтар әулеті де «тегі» күшті. Құдайберген – тіл білім профессоры, Ахмет – өнерде бірінші академик, Ғазиза – қазақ әйелдері арасында бірінші кәсіби композитор, Аханың жиені Алан Бөрібаев - дарынды дирижер. Міне, бұл тектілік болады.

Ахмет Жұбановтың тегі кіші жүздің алты әлімі алшын атадан тарайды. Одан Өріс, одан Едіге бидің ұрпағы Бөлек, одан Айт пен Бұжыр. Ақтөбе музейінде Бұжыр батырдың сауыты экспозицияға қойылған. Осы Бұжыр батырдан Назар, Шүрен, Жекей тарайды. Назардан Құбатай, Қосым. Құбатайдан Өуез. Өуезден Жәнібек. Жәнібектен Атан, Тайлақ, Қожа, Қойлақ, Шалабай - деген бес бала болған. Тайлақтан үш ұл – Батырбай, Ерубай, Қандыбай туған. Батырбайдан Жұбан, одан Қуан, Тәңірберген (Тәпен), ал Қуаннан Құдайберген, Ахмет, Мухамеді туады. Сондықтан Құдайберген, Ахмет Жұбановтар өздерінің руын «әуез» дейді.

Ахметтің нағашылары - жаңғылыштар. Өзінің 60 жылдығын Ақтөбе өңірінде тойлағанда Ахаң өзіне тән жұмсақ тілмен жұқалап, әдемілеп нағашыларын қағытып, қалжыңдап қояды екен. Аханың зайыбы – Науат. Қайын жұрты кенегес руының бір бұтағы Танас болады.

Жұбановтың перзентке зар болып, налып жүрген кезінде ер бала дүниеге келіп, жұрт «Енді қуан, қуаныштың құтты болсын, арманың орындалды» - деп құттықтайды. Сонан Жұбан ұлының атын Қуан қояды. Қуанның балалары қыз болып, бір ер баланы аңсап жүргенде, «Құдайберіп» ұл балалы болады. Оның атын Құдайберген қояды. Құдайберген тіл білімінің үлкен ғалымы болады. Құдайберген мен Ахметтің шешесі Бибішынар атақты Жамашұлы Тағыберген бидің қызы. Құдайбергеннің зайыбы Раушан - туа біткен шешен, парасатты ой мен сара сөздің иесі, алпақ сұлу әйел болған. Соған сәйкес балалары «ақ мама», қайнылары «ақ жеңгей» деп ат қойған. Раушан Шалқар өңірін жайлаған қырғыздардан шыққан екен. Құдайберген Раушанды аса қадірлеп, құрметтеген.

Оған өзі, Санкт - Петербуртта оқып жүргенде жазған:

«Сәлем айт барғандарың Раушан қызға, өзгені тең көрмеймін ол шандозға! өзгеден өзгелігі болғаны ғой,

Болмаса, сәлем айттым қай қырғызға!» - деген сәлем хат өлеңін жазған. Раушанның шешесі Өлмесек Жағалбайлы руынан, әдемі кісі болған екен.

Ахметтің әкесі Қуанның 14 баласы болған. Қуан өзі көзі ашық, көкірегі ояу адам екен. Петербуртта, Уфада, Қазанда, Орынборда қазақша, орысша, арабша, татарша шығатын газет – журналдарды алдырып, балаларына оқытқан. Ауылда балаларды молда оқытқан. Ахмет, Құдайбергенді Қуан Оспан-Омар деген адамдарға оқытқызыған. Қуан

Сатыбалды деген шеберге ақы беріп, мектепке арнап кішкене үй салғызады. Балаларын оқытып, адам етіп, тәрбие, білім беруді мақсат етеді. Елге үлгі болсын деп өзінің балалары Құдайберген, Ахмет, үлкен қызы Ауқатты, кіші қыздары Дәмет, Зиба, Ағиба, Тәңірбергеннің қызы Бәтиманы мектепке оқуға береді. Мұғалімдікке Уфада «Ғалия» медресесін бітірген, кейін атақты «Ленин» орденді мұғалім болған Әбділпә Беркіновті шақырды. Ә.Беркінов «Қуанның екі баласы да зерек болды» деп Құдайберген мен Ахметке жақсы мінездеме береді. Ахмет өз фамилиясын атасының атымен Жұбанов деп жаздырған. Жалпы Жұбановтар әулетінің бәрі үлкен атасының атымен жазылған. Жұбан балалары Қуан мен Тәңірбергенге жақсы тәрбие, ақыл берген. Балаларына «Бақыт байлықта емес, абыройда. Шырақтарым, би болмай ақ, би түсетін үй болың» деп ақыл береді екен. Қуанның шаруасы жақсы, тұрмыс жағдайы тәуір болған. Тәңірберген екеуі – жер өңдеп, мал өсіріп, кірпіштен үй салып, шөп шауып, ауыз су үшін құдық қазып жақсы еңбек еткен. Экспедициямен Мұғалжар ауданындағы «Жаңа тұрмысқа» барғанында ауыл ақсақалы – Жұбановтар туысы маған Қуанның үйінің орнын, Құдайберген, Ахмет, Ғазиза туған үйдің, мектеп үйі орнын, ойнаған жерлерін көрсетті. Жұбановтар әулетінің қазақтың күй өнеріне ықыластары мықты ауған. Профессор Құдайберген тіл білімі саласын терең зерттеген, қазақ музыкасы саласынан еңбек жазған және бұл - қазақ күйлері туралы жазылған бірінші еңбек. 1936 жылы ол «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөйлі» атты очеркін жазды. Қ.Жұбановтың «Қазақтың күй өнері еуропалық өнердегі симфония, философия» атты кітабының мұқабалық бетінің фотокөшірмесі экспозицияға қойылған тағы басқа еңбектері, кітаптары музейде сақталған.

Ахаң қазақ күйлерін терең, жан-жақты зерттеген. Қазір бірде-бір өнер зерттеушісі А.Жұбановқа соқпай, сілтеме жасамай кете алмайды. Себебі А.Жұбановтың зерттеулері негіз, қайнар-бұлақ. А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары», «Струны столетий», «Өн-күй сапары», «Қазақтың халық күйші, композиторлары» тағы басқа күй туралы еңбектер жазған. Олар музейде экспозицияға қойылған. Ал, Ғазиза болса, қызылқұрт руынан шыққан атақты күйшіге арналған «Құрманғазы» операсын жазды. Оркестр қазақ өнерінде болмаған, тек жеке орындаушылар болған.

А.Жұбанов елдегі талантты өнерпаздарды, күйді көп білетін күйшілерді оркестрге жинаған. Олардың музыкалық сауаты болмаған, нота білмеген. А.Жұбанов оларды оркестрде бірге ойнауға, дирижерға бағынуға үйреткен. Бұл қазақ өнеріндегі жаңалық, жаңа тый бастама болды. Сөйтіп, А.Жұбанов қазақ өнері тарихында бірінші ұлттық аспап-



тар оркестрін құрған қайраткер болды. Оркестрді басқару үшін қазақ музыка саласында дирижерлықты да өзі бірінші бастап, музыкалық өмірге өзі енгізді. Бұл да дирижерлықта қазақ музыка саласында бұрын болмаған құбылыс еді.

Атақты дирижер, Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрін көп жылдар басқарған Шамғон Қажғалиев маған А.Жұбановтың дирижерлығы туралы біраз әңгіме – деректер айтып берді. Ахмет Жұбанов қазақтың ұлттық аспаптар оркестрін құрған кезде, оған дирижерлықты өзі бастаған. Ол кезде мен екінші курс студентімін, оркестрде керемет дарынды домбырашы, қобызшы артистер жұмыс істеді. Мені оларға айтып, дирижерлықты Шамғон атқарады, бала деп қарамаңдар, мен деп түсініп, қабылдандар, дайындық жақсы өтсін деп тапсыратын еді дейді. Сондықтан А.Жұбанов – ол бірінші дирижер, онан кейінгі екінші дирижер мен деп айтқан еді.

Жұбановтардың бір ұлы бастауға бірінен соң бірі айналып соғып отыратын ерекшелігі бар. Құдайберген 30-шы жылдардағы абайтандудың сын сағатында, Абайды қабылдамақ түгіл, одан ат тонын ала қашып, Абай-бай, діншіл, көп қатын алған деп жамандап жатқанда «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» - деп қасқайып қорықпай бірінші тұжырым жасаған ғалым болды. Семейде Абайдың үлкен музейі бар. Абайдың 150 жылдығына Семейге Есет Құдайбергенұлы Жұбановпен бірге бардық. Музейде Абайды бірінші зерттегендердің тізімі, суреттері, мақалалары экспозицияға қойылыпты. Сонда Ә.Бөкейханов пен Қ.Жұбанов бірінші тұр. Ал, Ахмет Жұбанов болса, 1945 жылы Латиф Хамидимен бірге «Абай» операсын - қазақтың тұңғыш операсын жазды. Маған «Абай» операсының жазылу тарихын, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің операны жазғандағы жұмыстары жөнінде көп деректермен ұзақ әңгіме етіп, атақты дирижер, Аханың дарынды шәкірті Шамғон Қажғалиев айтып берген еді.

Аханың жұмсақ, жанға жайлы, әрі түсінікті, көркем сөзді дауысы жазылған бірнеше пластинка бүгін аса бір құнды құжат, экспонат. Орталық мемлекеттік музейден алдырылған Аханың академиктің (1946 ж.) куәлігі, халық артисі атағы берілген (1944 ж.) куәлігі, депутаттық билеті, Грамотасы (1938ж.),М.Әуезовпен зайыбы Науатпен жөне немересі Зәуреммен, композиторлардың І-съезін ашып тұрған президиумдағы, Қарқаралыдағы музыка фестиваліндегі фотолары тағы басқалары жиналды. Бұлардың бәрі өте құнды экспонаттар. Б.Ғизатовтың «Академик Ахмет Жұбанов», Ж.Рсалдиннің, «Ахмет Жұбанов» деген Жұбанов туралы зерттеу кітаптары музейде қойылған. Ахметтің балалары Ажармен жиі кездесу, Ғазиза, Роза, Қайыр, Болатты күтіп алу фотолары бар.

Ғазизаның фотопортреті, «Ақсақ құлан», «Арайлы атқан таң» (1971 ж.), «Жігер» симфониясы (1976 ж.) шығармалары, кітаптары, ноталары мен композитордың шығармалары жазылған пластинка экспозициядан орын алған. Бұл экспонаттар, құжаттар музейде экскурсияны мазмұнды жүргізіп, атақты жерлесіміз туралы тартымды әң-

гіме, жақсы деректер айтып беруге мүмкіндік береді.

Ахмет Қуанұлының қызы атақты композитор Ғазиза Жұбанова әкесінің ғылыми еңбектерін, мақалаларын жинап, құрастырып 1976 жылы «Ғылым» баспасынан Алматыда 4700 данамен, 475 беттен тұратын үлкен «Өн – күй сапары» кітабын академик А.Жұбановтың 70 жылдығына арнап шығарды. Ақтөбеде кездесуімде Ғазиза апа әкесінің сол кітабына 1987 жылы маған автограф жазып берді. Көп уақыт өтсе де, Ахмет Жұбановтың 1976 жылы шығарылған «Өн – күй сапары» кітабы бізде сақталды. Есет Құдайбергенұлы Жұбанов ғалым-филолог Өзербайжан Мәмбетов – театрдың атақты режиссеры, Ғазизаның жұбайы үйімізде қонақасында болғанда ұлым Дәуренге бата, автографты үлкен атанның кітабы «игілігің үшін» деп, Ахмет Жұбановтың кітабының тағы бір данасын 16 қарашада 1990 жылы жазып берді. Кітап бізде сақталуда.

Біраз уақыт өтседе композитор Ғазиза Ахметқызы, театр режиссері Өзербайжан Мәмбетовпен, ғалым-филолог Есет Құдайбергенұлымен болған кездесуім жадымада сақталуда. Көрнекті зиялылардан алған әсерім көңілімнен, ойымнан кетпейді, бейнелері әлі күнге көз алдымда. Сол

әсерден 1995 жылы халық артисі Ғазиза Жұбанованың есімін Ақтөбе облыстық филармониясына алып бердім, портретін сыйладым. 2027 жылы туғанына 100 жыл болады.

Жазушы М.Әуезов ақын Абайдың даңқын елге жайса, өнер зерттеушісі академик А.Жұбанов композитор Құрманғазыны әйгілі етті.

Жиырмасыншы ғасырда қазақ әдебиетінде бірінші М.Әуезов, кәсіби өнерде А.Жұбанов бірінші.

Ахмет Жұбанов қазақтың тұңғыш профессионал музыканты, тұңғыш профессионал дирижері, тұңғыш профессионал композиторы, тұңғыш өнер ғылымының докторы, тұңғыш профессоры, қазақ ғылым академиясын құрысқан тұңғыш академиктердің бірі, тұңғыш халық аспаптар оркестрін құрған ұйымдастырушы, көркемдік жетекші.

Тәуелсіздікке дейін мерейтойлары аталмаған, кейін Тәуелсіздік арқасында Ахмет Жұбановтың 90 жылдығы 1996 жылы тойланды. Ақтөбеде облыстық мәдениет басқарма бастығы болған жылдары сол той жұмысын ұйымдастыруға атсалыстым.

Ахмет Қуанұлы қазақ өнері тарихында бірінші болып дирижерлықты өңізген, бастаған қайраткер. Ғазиза мен Өзербайжанның баласы Әліби композитор болды. Әр жердің топырағы, суы, құнары әртүрлі және әр жерден жаратылып шыққан адамдар да әртүрлі. Байғанин ауданынан жазушы-ақындар, Қобдадан батырлар, Шалқардан билер шықты. Ал Мұғалжардан ылғи композиторлар шықты. Ахмет, Ғазиза Жұбановтар, Хабидолла Тастанов, «Боз жорғаның» авторы композитор Орал Бейбітұлы. «Жаңа тұрмыс» ауылы – Жұбанов ауылы шұрайлы, құйқалы жер, жанында үлкен тау. Қуан ақсақал осында жерленген.

Ахмет Жұбановтың 100-жылдық тойын өткізгенде ұрпақтары академиктер Болат, Қайыр, Ажар қабір басына барып құран оқытқызды. Ауыл шетінде суы мол, мұздай, тұщы мөлдір таза суы құдық бар. Осы құдықты елге деп, малға деп Қуан қаздырған.Ауыл адамдары «Қуан құдығы» деп атайды. Осы құдық Жұбановтар әулетінің ескерткіші, айналсын жөндеп, үстің безендіріп ағаштан қоршау жасалған соң, тарихтан бір белгі қалды.

Ахмет Жұбановтың есімі, еңбегі ел есінде. 2006 жылы ұлы өнер зерттеушісінің 100 жылдық мерейтойы жоғарғы дәрежеде аталып өтті. Ақтөбеде, Ембіде музейі ашылды, ескерткіш орнатылды. Ембідегі мәдени орталыққа Ахан аты берілді. Ақтөбеде музыка колледжі Ахан атында, үлкен көше ағайынды Құдайберген, Ахмет атымен аталды. Астанада Ахмет Жұбанов атындағы көше бар.

Академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың қазір ғасырлыққа толған 100, 110, 120 жылдық мерейтойлары арнайы аталуда. Был 120 жылдық мерейтойы қай жердеде сәтті өтсін.

Еркін Жолмырзаұлы Құрманбеков, ҚР Мәдениет қайраткері, Ақтөбе облысының Құрметті азаматы

ТАБИҒАТТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Табиғатқа шығу кезінде үйрену керек ең басты ереже — өрт қауіпсіздігі.

Статистикаға сәйкес, орман өрттерінің көп бөлігі адамның абайсыздығынан туындайды. Өрт өте қауіпті. Құрғақ, ыстық ауа-райында олар табиғи өрттердің ықтималдығы артады.

Орман, дала өрттерінің нәтижесінде ұзақ уақыт бойы бүлінген аумақ қалады. Мұның себебі: табиғаттағы мінез-құлық ережелерін бұзу және өрттің қауіптілігін бағаламау. Лақтырылған шыны ыдыстар, темекі тұқылдары және сөндірілмеген от — өрттің барлық ықтимал көздері.

Табиғаттағы өрттердің себептері: найзағай соғу; бөтелке әйнегімен күн сәулесінің шағылысуы; орман, дала алқабына жақын жерде құрғақ шөпті, қоқысты жағу; табиғатта аймағында балалардың сіріңкемен ойнауы; автокөліктің немесе мотоциклдің құбырларынан ұшқындардың кездейсоқ түсуі;

май, бензин немесе басқа да өздігінен тұтанатын құрам сіңірілген сұрту материялдарының жануы; орман, дала белдеуінде от жағу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтамау; Табиғатта от жағу: Табиғатта демалғанда тек қажет болған жағдайда және арнайы дайындалған орындарда от жағыңыз.

Егер мұндай орындар болмаса, оны өз бетіңізше дайындаңыз, оны шөптен, жапырақтардан және бұтақтардан жерге дейін тазалаңыз. Тұрақтан шықпас бұрын, өртті мұқият жою керек. Енді бірде-бір ағаш немесе бұтақ жанып тұрмағанына көз жеткізгеннен кейін ғана демалыс орнын кетіңіз. Сөндірілмеген темекі тұқылдары мен сіріңкелерді ойланбастан жақтырудан аулақ болыңыз.

Егер сіз орманда тұрған өрт белгілерін байқасаңыз, оларды жою үшін дереу барлық шараларды қолданыңыз; отты сумен сөндіріңіз немесе оны топырақпен көміңіз.

Егер сіз өзіңіз өртке қарсы тұра алмасаңыз, бұл туралы 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз.

Мангал пайдалану:

Барлық ғимараттар мангал орнатылатын жерден кемінде 5 метр қашықтықта орналасуы керек ашық от кезінен 2 м радиуста жанғыш сұйықтықтар, материалдар болмауы керек мангал айналасындағы демалыс аймағын шамамен 10 м қойыстардан, құрғақ өсімдіктерден, майлы шуберектерден тазалау керек.

Саяжай үйінің ауласында мангал орнату үшін арнайы орын болуы керек. Түтін мен жану өнімдерінің көрші аудандардың аумағына кірмейтініне көз жеткізіңіз.

Жанып жатқан мангалды қараусыз қалдырмаңыз. Егер кету қажет болса, онда ересектердің бірінен мангалды жұмысына қарауды сұраңыз.

Ұшқан ұшқын үлкен өртке әкелуі мүмкін екенін ескеріңіз ағаш бұтақтарының астында немесе орман екпелерінің жанында отқа тамақ пісіруге арналған жабдықты орнатуға тыйым салынады өр түрлі жанғыш сұйықтықтарды пайдалану-кезінде, бір абайсыз қозғалыс салдарынан қатты күйікке әкелуі мүмкін. Оларды мүлдем пайдаланудан бас тартқан дұрыс.

Мангал алаңының жанындағы барлық өсімдіктерді, бұтақтарды, көлемді бұталарды тазартыңыз. Бұл аймақта көз келген ұшқындан оңай тұтанатын заттар болмауы керек.

Аталған өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыздар!

Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЖАРҚАМЫСТА ӨТКЕН ДҮБІРЛІ ДОДА

17 мамыр күні Жарқамыс ауылында жерлесіміз ақын, драматург Бәкір Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толу құрметіне арналған үстел теннисінен ересектер және ардагерлер арасында командалық және жекелей аудандық біріншілік болып өтті.

Жарысты Жарқамыс ауылдық округінің әкімі А.Жұбаналин ашып, спортшыларға сәттілік тіледі. Сонымен бірге аудандық мәдениет, тілдерді дамыту де-не тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Р.Айтжанова, бас ма-ман К.Қайпова, аудандық білім беру қызметкерлерінің ардагер-лер кеңесінің төрағасы С.Дербі-сов, спорт ардагерлері С.Дүсіпов және Б.Төлеген құттықтау сөз сөйледі. Жас өнерпаздар ән-күй-ден шашу шашты. Жарыс өте тартысты әрі қызықты өтті.

Командалық есепте барлық қарсыластарынан басым түскен аудандық білім бөлімінің коман-дасы (Н.Азов, О.Ғабитқан, Б.А-

манкелді) І – орынға ие болды. ІІ-орынға Жарқамыс селолық округінің командасы (А.Қазов, А.Аманжолов, Д.Жақин) ІІІ-орынға әлі де болса спорттық шеберлік-терін жоғалтпаған «Ардагерлер» командасы (Б.Төлеген, Қ.Әуелба-ев, С.Дүсіпов) ие болды. Жекелей есепте жастар арасында аудан-дық білім бөлімінің бас маманы Нұржан Азовқа тең келер ешкім болмады. Бабы мен бағы қатар жанған Нұржан аудан жеңімпа-зы атанды. ІІ-орынға Аманкел-ді Бекет, ІІІ-орынға Қазов Азамат ие болды. Ардагерлер арасын-да Қарауылкелді орта мектебінің мұғалімі Әуелбаев Қуаныш жеңімпаз атанса, ІІ-ІІІ орындар-



да спорт ардагерлері Б.Төлеген және С.Дүсіпов иеленді. Осы жа-рыста ересектер мен бірге өнер көрсетіп, жақсы ойын өрнегін көр-сеткен Жарқамыс орта мектебінің оқушылары Б.Жансұлтанов, Ғ.Жәнібековті ерекше айтып өту-ге болады. Жас оқушыларға ын-таландыру сыйлығы табыс етілді. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге аудандық мәде-

ниет, тілдерді дамыту, дене тәр-биесі және спорт бөлімінің баға-лы сыйлықтары, кубок, медаль, грамоталары және Жарқамыс ауылдық округінің демеушілі-гімен ақшалай сыйлықтары та-быс етілді.

Берік Төлеген
Аудандық спорт
ардагерлері кеңесінің
төрағасы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Байғанин аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ орталығынан шамамен ара қашықтығы км), лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі оның ішінде		Жалға беру мерзімі (жыл)	Жалпы ауданы (га)	Алқаптардың құрамы оның ішінде							Сумен қамтылуы
		Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін			Жай-ылым	Оның ішінде		басқалары	Оның ішінде			
							тазасы	егістік		Жол астында	Зират астында	Бұрынғы құрылыстар орны	
1	1-лот Жаңажол ауылдық округі (шамамен 74 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	10000,00	9992,95	-	-	7,05	7,05	-	-	қамтылмаған
2	2-лот Жаңажол ауылдық округі (шамамен 72 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	3000,00	2996,9	2547,16	-	3,1	3,1	-	-	қамтылмаған
3	3-лот Жаңажол ауылдық округі (шамамен 192 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	2000,00	1994,9	1994,9	-	5,1	5,1	-	-	қамтылмаған
4	4-лот Жаңажол ауылдық округі (шамамен 190 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	1500,0	-	-	-	-	-	-	-	қамтылмаған
5	5-лот Жарқамыс ауылдық округі (шамамен 200 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	200,00	197,57	-	-	2,43	1,13	-	1,30	қамтылмаған
6	6-лот Жаңажол ауылдық округі (шамамен 70 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	20000,00	19983,11	-	-	16,89	16,89	-	-	қамтылмаған
7	7-лот Жаңажол ауылдық округі (шамамен 85 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	3100,00	3098,12	-	-	1,88	-	1,88	-	қамтылмаған
8	8-лот Миялы ауылдық округі (шамамен 70 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	3000,00	2996,17	-	-	3,83	3,83	-	-	қамтылмаған
9	9-лот Қызылбұлақ ауылдық округі (шамамен 42 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	2100,00	2094,46	-	-	5,54	5,54	-	-	қамтылмаған
10	10-лот Қызылбұлақ ауылдық округі (шамамен 43 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	2000,00	1996,1510	-	-	3,8490	3,46	-	0,3890	қамтылмаған
11	11-лот Қызылбұлақ ауылдық округі (шамамен 25 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	1600,00	1594,07	-	-	5,93	5,93	-	-	қамтылмаған
12	12-лот Қызылбұлақ ауылдық округі (шамамен 29 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	1400,00	1397,04	-	-	2,96	2,96	-	-	қамтылмаған
13	13-лот Қызылбұлақ ауылдық округі (шамамен 28 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	1200,00	1198,01	-	-	1,99	1,99	-	-	қамтылмаған
14	14-лот Жарқамыс ауылдық округі (шамамен 51 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	2500,00	2497,44	-	-	2,56	2,56	-	-	қамтылмаған
15	15-лот Қопа ауылдық округі (шамамен 47 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	1500,00	1495,17	-	-	4,83	4,83	-	-	қамтылмаған
16	16-лот Қопа ауылдық округі (шамамен 14 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	1300,00	1269,59	-	-	3,41	3,41	-	-	қамтылмаған
17	17-лот Ащы ауылдық округі (шамамен 13 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	3000,00	2990,5757	-	-	9,4243	7,33	1,22	0,8743	қамтылмаған
18	18-лот Ащы ауылдық округі (шамамен 28 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	2500,00	2495,006	-	-	4,9940	7,75	-	0,2440	қамтылмаған
19	19-лот Ащы ауылдық округі (шамамен 18 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	600,00	599,05	-	-	0,95	0,95	-	-	қамтылмаған
20	20-лот Ащы ауылдық округі (шамамен 27 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	2000,00	1995,49	-	-	4,51	4,51	-	-	қамтылмаған
21	21-лот Көлтабан ауылдық округі (шамамен 22 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	1000,00	996,01	-	-	3,99	3,99	-	-	қамтылмаған
22	22-лот Көлтабан ауылдық округі (шамамен 48 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	900,00	898,23	-	-	1,77	1,77	-	-	қамтылмаған
23	23-лот Көлтабан ауылдық округі (шамамен 24 км)	ШҚ жүргізу	-	10-49	700,00	697,34	-	-	2,66	2,66	-	-	қамтылмаған

ЕСКЕРТПЕ
Конкурсқа қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агро-технологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы сапасындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
2) Шаруашылықтың білікті мамандардың жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шаралардың орындау;
3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің маман-дануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертарап-тандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнология-жарды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшіріл-мейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкілі) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар

үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкілі) қолымен және мөрімен (бар болса) куәлан-дырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң 15 жұмыс күн аралығын-да, яғни 2026 жылғы 22 маусым - 13 шілде аралығында өтінімдерді қабылдау және тіркеу Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д.Қонаев көшесі, №35 «А» меке-нен жайдағы «Байғанин аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-де жүргізіледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайда-лану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс 2026 жылғы 14 шілдеде жергілікті уақыт сағат 10-00-де Байғанин ауданы әкімдігінің ғимаратында (конкурсқа қатысушылардың қатысуынсыз) өткізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелері жөнінде жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округ әкімдіктерінің және аудандық жер қатына-стары бөлімінің ақпараттық бұрыштарынан танысуға болады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 20 желтоқсан 2018 жылғы №518 бұйрығымен бекітілген шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өн-дірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын «Әділет КЗ» заңдар сайтынан қарап, танысуға болады.

Толық ақпаратты «Байғанин аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен 8778 391 63 50 байланыс телефоны арқылы алуға болады. Құжат тапсыратын меке-нен жай: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д.Қонаев көшесі, №35 «А» Байғанин ауданы әкімдігі ғимараты 102 кабинет.

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды.
Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді.
Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.
Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мөтініне жарнама беруші жауапты.
* Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

Құттықтаймыз!

Қарауылкелді ауылы,
Абай тұйығы №17 үйдің тұрғыны

Анамыз Тәжіғалиева Розаны
80-жасқа толған күнімен құттықтаймыз!

Ардақты анашым,

сексен жасқа келдіңіз,
Ақ жаулықты қадірін елге бердіңіз.
Мейірімін күн нұрындай төгіліп,
Бізге бақыт, береке боп ендіңіз.



Сексен жасың –бір бәйтерек саялы,
Әр сөзіңіз жүрекке ыстық аяулы.
Ұрпағыңыз айналаңызда шаттанып,
Орнасыншы шаңырақта баянды үн.

Анашым , жүз жасаңыз аман боп,
Қуанышқа жүріңізші оранып.
Деніңіз сау, көңіліңіз әрқашан,
Жүре берсін өмір жолы жаңарып.

Игі тілекпен: Балалары –келіндері,
қыздары-күйеу балдары, немерелері,
жиендері,шөберелері.

АЛАЯҚТЫҚ: ЗАМАНАУИ ҚАУІП ЖӘНЕ ОДАН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Алаяқтық — бұл біреудің мүлкін немесе оған деген құқығын алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен иемденуді көздейтін қылмы-стың бір түрі. Қазіргі заманда бұл құбылыс тек көшедегі әккі әрекет-термен шектелмей, цифрлық кеңістікке толықтай ауысты деуге бола-ды. Алаяқтардың негізгі мақсаты — адамның психологиялық әлсізді-гін, аңғалдығын немесе ақпараттық сауатсыздығын пайдаланып, оны өз еркімен ақша аударуға немесе жеке деректерін беруге мәжбүрлеу. Олар көбіне өздерін мемлекеттік орган өкілдері, банк қызметкерлері немесе қиын жағдайға тап болған туыс ретінде таныстырып, адамды шұғыл шешім қабылдауға итермелейді.

Бүгінгі таңда ең көп тараған әдістердің бірі — телефон алаяқтығы. Мұндай жағдайда қылмыскерлер психологиялық қысым көрсетіп, «сіздің шотыңыздан күмәнді операция байқалды» немесе «жақы-ныңыз жол апатына түсті» деген сияқты суыт хабарлармен адамның есін шығарады. Сонымен қатар, интернеттегі фишингтік сілтемелер де үлкен қауіп төндіреді. Олар танымал сайттардың немесе банк қосым-шаларының көшірмесін жасап, сіздің логиніңіз бен пароліңізді, кар-та мәліметтерін ұрлауға тырысады. Тіпті әлеуметтік желілердегі «тез арада табыс табу» немесе «қаржылық пирамидаларға инвестиция са-лу» туралы жарнамалардың астарында да көп жағдайда алдау әре-кеті жататынын ұмытпаған жөн.

Алаяқтардың құрығына түспеудің басты жолы — сабыр сақтау және кез келген ақпаратты тексеру. Ешқашан бейтаныс адамдарға теле-фон арқылы келген SMS-кодтарды, картаның артқы жағындағы үш таң-балы санды немесе жеке деректеріңізді айтпаңыз. Егер сізге күмән-ді қоңырау түссе, сөйлесуді дереу тоқтатып, банктің ресми нөміріне өзіңіз хабарласқаныңыз дұрыс. Сондай-ақ, интернеттегі күмәнді сілте-мелерге өтпеу және онлайн сауда жасағанда тек тексерілген платфор-маларды пайдалану қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етеді.

Егер сіз немесе жақыныңыз алаяқтықтың құрбаны болсаңыз, ең бірінші кезекте барлық банктік карталарды бұғаттап, құқық қорғау ор-гандарына арыз жазуыңыз қажет. Барлық хат алмасуларды, қоңырау шалынған нөмірлерді және ақша аударылған чектерді дәлел ретінде сақтап қою маңызды. Қазіргі қоғамда ақпараттық гигиенаны сақтау — қаржылық еркіндік пен жеке қауіпсіздіктің кепілі. Әрқашан қырағы бо-лып, күмәнді ұсыныстарға сыни көзбен қарау арқылы өзіңізді осындай заңсыз әрекеттерден қорғай аласыз.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі

«ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІҢ МАҢЫЗЫ»

Қазақстан Республикасы Кон-ституциясына сәйкес құқықтық, демократиялық мемлекет. Құқықтық мемлекетте адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекет тарапынан қорғалып, қорғаттеледі. Сондықтан да қоғамда ешкімнің болсын біреуді ұлтына, жынысына, тегіне, дініне тағы да басқа белгілеріне байла-нысты кемсітуге жол берілмейді. Дүние жүзінің ең озық, прогрес-шіл елдерінің барлығы да адам-ның құқықтары мен бостандықта-рын қорғауға, құрметтеуге үлкен мән береді. Дүние жүзі бойынша маңызды мәселенің бірі ол ген-дерлік теңдікті қамтамасыз ету десек артық болмас.

Гендерлік теңдікті қамтама-сыз ету, әйелдердің құқықтарын қорғау, олардың қоғамда, отба-сында, жұмыс барысында қор-лық пен қысымшылық көрмеу-лері үшін көптеген халықаралық құжаттар, заңдар шығарылды. Еліміздің құқық қорғау органа-рында гендерлік теңдікті қамта-масыз ету, әйелдердің құқықта-рын қорғау мәселесіне тиісті деңгейде мән беріліп ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Мысалы, бұрын отбасының шы-рқын бұзушылар әкімшілік жа-заға тартылғаннан кейін, оның мінез-құлқын қадағалау тура-лы заңда нақты механизм бол-маған еді, қазір Қазақстан Ре-спубликасының Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтҚ) 54-ба-бының талаптарына сәйкес құқық бұзушының мінез-құлқы-на ерекше талаптар белгіле-неді. Отбасы-тұрмыстық қаты-настар аясында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген кезде жәбірленуші мен оның отбасы мүшелерін кү-зету және қорғау үшін сот ерек-ше жағдайларда тұрмыстық зор-лық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа да тұрғын-жайы болған жағдайда, жәбірле-нушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын-жайда тұруға тыйым салу түрін-де әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын отыз тәулікке дейін-гі мерзімге қолдануға құқылы. Мұндай құқық бұзушылықтың көбі сәл тереңірек үңіліп қара-сақ неке бұзуға, ал одан кейін ер азаматтың ішкілікке салы-нуына, жұмыссыздыққа, тағы да басқаларына алып келеді.

Әрқиметті елдерде әйел-дердің қоғамдағы, отбасын-дағы, жалпы өмірдегі орнына бей-жай қарамайды. Сондықтан да гендерлік теңдіктің маңызы әрқашан да зор.

Сот әкімшісінің
бас маман,
сот отырысының хатшысы
Г.С.Мухамбеткалиева

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының
мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №713
Көлемі 1 баспа табақ.